



**Автор:** Гасанова Зохра Атаханқызы  
**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика  
**Сынып:** 6-сынып  
**Бөлім:** Компьютерлік графика  
**Тақырып:** Векторлық бейнелерді құру

Векторлық бейнелерді құру	6.2.2.2-векторлық кескіндерді құру және өңдеу
---------------------------	---

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ұйымдастыру	Ұйымдастыру: Сәлеметсіздер ме, оқушылар? көтеріңкі көңіл-күй тілеймін. (сынып оқушыларын түгелдеймін). Психологиялық дайындық «Амандасу» тренингін ұйымдастырамын. «Күн» бейнеленсе, жақсы ықыласпен тілек айтамыз. «Жүрек» бейнеленсе, бір-бірімізбен құшақтасамыз. «Қол» бейнеленсе, қолымызды қысып амандасамыз.	
Үй тапсырмасын сұрау	Оқушылар «Допты лақтыру» әдісі арқылы өткен сабақты еске түсіреді. Мақтау, мадақтау әдісі арқылы бағаланады.	
Сабақтың ортасы (28 мин)	«Ой шақырту» әдісі арқылы оқушыларға суреттер арқылы сұрақ қоямын. 1. Кескін дегеніміз не? 2. Кескіндердің қандай түрлерін білесіңдер? Балалардың жауаптары бойынша жаңа тақырып ашылады. Жаңа сабақ Жаңа сабақтың тақырыбын түсіндіру мақсатында бейнебаян көрсетемін. «Жұптас, ойлас, бөліс» әдісі арқылы тақырыпты оқуға тапсырмалар беремін. 1-топ: «Векторлық кескіндермен жұмыс істеу программалары 2-топ: «Кескіндерді құру, нысандарды таңдау, фон салу, командаларын түсіндіру» Тақырып бойынша мәтінді меңгереді, постермен жұмыс жасайды. Топ болып қорғайды. Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады. Бағдарламашам әдісі арқылы бағалаймын. Дескрипторлар: - Inkscare бағдарламасын іске қоса алады. - Inkscare бағдарламасының маңызды қызмет атқаратын командаларды түсіндіріп бере алады Жеке жұмыс Inkscare бағдарламасында құралдар тақтасының атқаратын қызметін жазыңдар 1-тапсырма. № Атауы Қызметі Мүмкіндіктері 1 Түстер палитрасы 2 Таңдалған құралдың барлық баптауларын көрсетеді 3 Нысанға түс береді 2-тапсырма Кестені толтыр Құрал Қызметі Құрал Қызметі Тіктөртбұрыш құралы Жұлдызша салады Құйып бояу Жылдам жол құралы Дескриптор: -Құрал-саймандар тақтасының қызметін біледі -Түстер палитрасы қызметін біледі -Құралдарды баптай алады -Жұлдызша , шеңбер, қалам құралы атауы мен қызметін біледі Практикалық жұмыс Компьютермен жұмыс 1тапсырма. Фигураларды салу Тіктөртбұрыш құралын пайдаланып тіктөртбұрышты салыңдар Жұлдызша құралын таңдау арқылы іші боялған жұлдызша салыңдар Қалауларың бойынша түстер палитрасының көмегімен нысандардың түстерін өзгертіңдер. 2-тапсырма Қазақтың ұлттық өрнегінің элементін жасау. 3-тапсырма Киіз үйді салып, оны қазақтың ұлттық ою - өрнектерімен безендір. Дескрипторлар - Inkscare бағдарламасын іске қосуды біледі 3. - Құралдарды қолданып фигуралар сала алады. - Ою- өрнектің кескінін салады - Фигураларды қолданып киіз үйдің суретін салып, безендіреді	
Сабақтың соңы (5мин)	«Радиоға қоңырау шалу» әдісі арқылы оқушылар тақырыпты талдайды. Inkscare қосымшасында жұмыс жасау ұнады ма және жұмыс жасау барысында қандай қиындықтар туындады? 2. Күнделікті өмірде қандай жағдайда қолдануға болады? Мысал келтіріңдер?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Үй жұмысы.	Үй жұмысы. Қағаз бетіне мерекелік іс-шараға байланысты бейне құрастырып келу	